

Зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ өнеріндегі постмодерннің терең әрі көпқырлы құбылыс екенін көрсетеді. Бейнелеу өнерінде ұлттық символдар мен фольклорлық мотивтердің абстрактілі, коллаждық формаларда қайта ұсынылуы, композициялық фрагментацияның кеңінен қолданылуы, кеңістік пен уақытты еркін өзгерту арқылы көркемдік көпмәнділіктің қалыптасуы айқын байқалады. Музыкада дәстүрлі аспаптар мен заманауи стильдердің тоғысуы, жанрлардың синтезі, интертекстуалдылық постмодерннің басты белгілерінің бірі ретінде көрінеді. Қазақ киносы мен әдебиетінде постмодерннің көрінісі сюжеттің фрагменттелуі, шынайылық пен қиялдың араласуы, кейіпкерлердің көпқабатты бейнесі, оқиғалардың толық шешілмеуі арқылы байқалады. Бұл құбылыстар оқырман мен көрерменнің шығармамен өзара әрекеттесуін күшейтіп, әрбір туындының жеке интерпретацияға ашық болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жаһандану, цифрландыру және медиа кеңістіктің дамуы ұлттық мәдени кодтарды жаңаша форматта қолдануға мүмкіндік беріп, қазақ өнерінің ұлттық ерекшелігі мен заманауи эстетикалық бағыттардың үйлесімін қамтамасыз етеді. Осылайша, постмодерн қазақ өнерінде тек стильдік жаңалық қана емес, мәдени трансформацияның негізгі құралы ретінде орнығып, ұлттық мәдениет пен жаһандық эстетикалық үрдістерді біріктіретін маңызды механизмге айналды. Қазіргі қазақ өнеріндегі постмодерн эстетикасы кешенді, көпқабатты және динамикалық құбылыс ретінде көрініс береді. Бейнелеу өнерінде ұлттық символдар мен фольклорлық мотивтер абстрактілі, коллаждық және фрагменттік тәсілдер арқылы жаңа мағынаға ие болады, бұл көркемдік тілдің икемділігін арттырады және дәстүрлі мәдени кодтарды қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Музыка саласында дәстүрлі аспаптар мен заманауи стильдердің тоғысуы, жанрлардың араласуы, музыкалық интертекстуалдылық постмодерннің айқын көрінісі болып табылады, бұл қазақ музыкалық мәдениетінің жаңа формаларының пайда болуына негіз болады. Қорыта келгенде, қазіргі қазақ өнеріндегі постмодерн эстетикасы дәстүрлі мазмұн мен заманауи форма арасындағы көпір ретінде қызмет етіп, көркемдік тәжірибені әртараптандырады және қоғамның рухани, мәдени сұраныстарын қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Қаймарданова А. Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм құбылысы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 210 б.
2. Есенөріні Қ. Постмодернизм және қазақ поэзиясы. - Астана: Фолиант, 2019. - 256 б.
3. Қасқабасов С. Қазақ мәдениетінің тарихы: Жаһандану дәуіріндегі өзгерістер. - Алматы: Арыс, 2020. - 312 б.
4. Hassan I. The Postmodern Turn. - Ohio State University Press, 1987.
5. Липовецкий М. Русский постмодернизм: Очерк исторической поэтики. - Екатеринбург: У-Факт, 1997.
6. Базарбаева Г. Қазіргі қазақ өнеріндегі жанрлық трансформация. - Алматы: Өнер, 2021. - 198 б.
7. Тәуекелова А. Қазіргі қазақ прозасындағы интертекстуалдылық мәселелері. - Алматы: Санат, 2018. - 184 б.

### **ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ БАЛА ТӘРБИЕСІ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ**

**Оналбекова А.Н.**

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Кожакметова Г. К.  
Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті  
[aruzanonalbekova@gmail.com](mailto:aruzanonalbekova@gmail.com)

Астана қаласы

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұраның, әлеуметтік тәжірибенің және ұлттық дүниетанымның біртұтас көрінісі. Сол мәдениеттің өзегін ұлттың болашағы саналатын ұрпақ тәрбиесі құрайды. Қазақ қоғамында бала тәрбиесі - тек отбасылық міндет емес, тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігі саналған. Ұлттың өмір сүру қабілеті мен рухани тұтастығы осы тәрбиелік жүйенің беріктігімен тығыз байланысты болған.

Дәстүрлі қазақ дүниетанымында балаға ерекше мән беріліп, оны киелі аманат, ата-баба рухының жалғасы ретінде қабылдаған. Осы ұстаным ұлттың моральдық және рухани құндылықтар жүйесінің қалыптасуына негіз болды. Бала тәрбиесіне қатысты қалыптасқан салт-дәстүрлер мен әдет-

ғұрыптар - халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, шаруашылық жүйесімен, наным-сенімдерімен және эстетикалық танымымен тығыз байланыста дамыған. Мұндай тәрбие жүйесі ұрпақты өмірге бейімдеудің, қоғам мүшесі ретінде қалыптастырудың басты тетігі қызметін атқарған.

Қазақ халқының тәрбие тәжірибесі жөнінде ғалымдар Х. Арғынбаев, С. Қалиев, Қ. Жарықбаев, Ә. Марғұлан, А. Сейдімбек, С. Садырбаев және басқа да зерттеушілер ұлттық тәрбиенің мазмұны халықтың өмір салты мен рухани болмысынан туындайтынын атап көрсетеді.

Қазіргі таңда жаһандану үдерісі мен мәдени ықпалдардың күшеюі ұлттық тәрбие жүйесін жаңаша пайымдауды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда қазақ халқының дәстүрлі бала тәрбиесіне қатысты көзқарастары мен тәжірибесін ғылыми тұрғыдан зерделеу - ұлттың рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және мәдени бірегейлікті сақтаудың маңызды тетігі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты - қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі бала тәрбиесінің мазмұнын, ерекшеліктерін және этнографиялық негіздерін ғылыми тұрғыда талдау.

Қазақ қоғамында отбасы - бала тәрбиесінің бастауы ғана емес, басты әлеуметтендіру институты болды. Дәстүрлі қазақ отбасы тек ата-анамен шектелмей, ата-әже, аға-әпке, немере-шөберелерді қамтитын көп ұрпақты қауымдастық ретінде қарастырылды. Бұл құрылымдағы әрбір мүшенің тәрбиелік қызметі айқын бөлінген.

Мұхтар Әуезов өзінің «Абай жолы» эпопеясында қазақ ауылындағы бала тәрбиесінің ортасын, әсіресе, Зере әженің тәрбиелік рөлін айқын көрсеткен. Ата-әжелер - балаға шежіре, салт-дәстүр, этикалық нормаларды жеткізуші, яғни рухани-мәдени мұраны сақтаушы рөлін атқарған. Олардың басты міндеті - баланың бойына ұлттық сананы, тілдік тазалықты және үлкенге құрмет сияқты асыл қасиеттерді сіңіру болды. Мысалға, Абайдың бала кезіндегі тәрбиесі негізінен әжесінің әңгімелері, шешесінің қамқорлығы және ақындардың жырлары арқылы көрініс табады. Зере әже өз баласы мен немересіне елдің тарихын, батырлық оқиғаларды, халықтың қайғы мен қуанышын әңгімелей отырып, баланың тарихи және моральдық санасын қалыптастырды. Мысалы, Найманның шапқаны, Бостанбектің қазасы және Қожамберді ақынның тағдыры арқылы бала әділдік пен батырлыққа үйренді. Сонымен қатар, ақындардың жырлары арқылы бала әлеуметтік өмірдің заңдылықтарын, әділдікті, қоғамдағы билік пен жауапкершілікті түсінді. Мысалы, Барластан естіген «Аға сұлтан ұлық бар, Елге мәлім қылықтар...» сияқты жолдар арқылы ол қоғамдағы тәртіп пен адамгершілік құндылықтарды үйренді [2, 39-41 б].

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» қағидасы отбасының үлгі-өнегесін басты орынға қояды. Отбасы мүшелері арасындағы өзара сыйластық, еңбекқорлық және адалдық - баланың тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер ететін негізгі факторлар болды. Отбасы институтының тағы бір маңызды қызметі - балаға ерте жастан бастап еңбекке баулу және қоғамдық жауапкершілікті сезіндіру болды. Ұл баланы әкесі мал шаруашылығы мен атбегілікке, қыз баланы анасы үй ішінің шаруасына және колөнерге баулыған.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында бала - Құдайдың сыйы, яғни ұрпақ жалғастығының кепілі ретінде киелі әрі қастерлі құндылық болып саналды. Осы ұғымға байланысты тұтас наным-сенімдер, ырымдар мен тыйымдар жүйесі қалыптасқан. Қазақтар арасында кең тараған діни және тұрмыстық наным-сенімдердің бірі бойынша, жүкті әйелге түйе етін жеуге болмайды деп есептелген. Ел ішінде түйе етін жеген әйел 9 ай 9 күн емес, 12 айға дейін көтереді деген түсінік болған. Кейде түрлі биологиялық себептермен босану мерзімі кешігіп кеткен әйелдерді тез босансын деген ниетпен түйенің бауырынан немесе алдынан өткізу дәстүрі де кездескен. Осы сенімдердің әсерінен көптеген өңірлерде (Атырау, Ақмола, Қарағанды, Семей, Шымкент) аяғы ауыр келіндерге түйе етін жегізбеу әдеті қалыптасқан [1, 49 б].

Киелілік пен қорғау ғұрыптары: Баланың денсаулығын, тыныштығын және өмірін қорғауға бағытталған көптеген ырымдар оның киелі табиғатынан туындаған. С. Қондыбай өзінің «Казакская мифология: краткий словарь» еңбегінде осы тыйымдар мен ырымдардың, атап айтқанда, аластау (жамандықтан тазарту), тырнақ пен шашты жерге көму сияқты әрекеттердің арғы мәні - баланы табиғаттың тылсым күштерінен, тіл-көзден, зұлым рухтардан қорғау екенін көрсетеді. Бұл ғұрыптар бала өмірінің алғашқы кезеңінде үлкен мәнге ие болды. Сол еңбекте қазақтар мен түркі халықтарында шаш - жақсы рухтардың мекені және адамның күші саналған. Сондықтан күн батқаннан кейін шаш қыруға болмайды, ал қырылған шашты жасырын жерде сақтау керек болған (Е.Д. Турсунов). Балаға қатысты бұл дәстүр оның денсаулығы мен күш-қуатын қорғауға, сондай-ақ рухани тәрбиесіне қызмет еткен. Шашты кесу арқылы адамның күші алынуы мүмкін деген сенім бар, мысалы, эпос «Торехан - сын Шынтаса» бойынша Тореханның әпкесі оның шашын кесіп, оны әлсіз етеді.

Көшпенді қазақтар 16 ғасырға дейін ұзын шаш яғни айдар немесе кекіл қиып, ол кейде жылан немесе айдаһар символы ретінде қарастырылған. Бұл дәстүр балаларға қатысты қазіргі күнге дейін сақталып, олардың тәрбиесі мен киелі қорғалуына ықпал еткен [4, 100 б].

Рухпен байланыс және есім беру: Жаңа туған балаға ат қою - қазақ қоғамында үлкен мән берілетін, көп ойлануды қажет ететін дәстүрлердің бірі болған. Дегенмен қыз балаға ат қою ер балаларға қарағанда жеңілірек саналатын, көбіне ата-анасы өздері ат қоя салатын. Қазақ халқының қыздарға қойылатын есімдері нәзіктігімен, сұлулығымен және әуезділігімен ерекшеленеді. Халық ұғымында қыз балаға «көз, тіл тию» сирек болады деп сенгендіктен, оларға әдемі әрі мағыналы аттар тандалған. Қыз есімдерінде көбіне аспан денелерінің (Ай, Шолпан, Жұлдыз), сұлу құстар мен жануарлардың (Кұралай, Тоты), асыл тастар мен бағалы маталардың (Маржан, Алтынай, Күміс, Жібек, Мақпал), сондай-ақ нәзік гүлдер мен өсімдіктердің (Раушан, Шынар, Қызғалдақ) атаулары қолданылған. Ал ер балаға ат қою әлдеқайда жауапты іс саналған. Мұндайда көбінесе атаны, ауыл ақсақалдарын немесе беделді адамдарды шақырып, соларға ат қойғызу дәстүрі болған. Кей кездері үйге келген жолаушыға да нәрестеге ат қойғызған. Ер балаларға қойылатын есімдер көбіне батырлар мен билердің, ақындар мен жыраулардың аттарынан алынған. Егер әйелдің баласы тұрмай, жиі шетіней берсе, жаман аттар қойып, көзге түспесін деген ырыммен (Қотырбай, Бөкбасар, Малбағар, Ұлтарак, Көтібар) сияқты қарапайым есімдер берілген [1, 63-64 б].

Күту және болашаққа болжау: Бала дүниеге келгенде "оң аяқпен келді" деп қуану, баланың қалай жылағанына, ұйықтағанына қарап оның болашақ мінезін болжау сияқты дәстүрлер кең тараған. Мұндай сенімдер арқылы ата-ана баланың жақсы қасиеттерінің дамуына үміт артқан және осы арқылы өздерінің тәрбиелік мақсаттарын айқындаған. Бұл қазақ дүниетанымындағы өмірдің үздіксіздігі және қайта жаңғыру философиясын көрсетеді.

Этнографиялық зерттеулер қазақ тәрбиесінің басты ұстанымы - баланы табиғилықпен және әлеуметтік ортамен үйлесімде, тікелей өмірлік тәжірибе арқылы дамыту екенін көрсетеді. Бұл көзқарас көшпелі өмірдің талаптарынан туындаған. Мысалға, кейбір еңбектерде дәстүрлі тәрбиенің басты мақсаты - баланы физикалық тұрғыдан емес, ең алдымен адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық, әділдік сияқты адами қасиеттерді бойына сіңіру арқылы рухани толыққанды азамат етіп қалыптастыру екенін көрсетеді. Тәрбиенің түпкі мәні - баланы тек өз отбасы үшін емес, елдің, ұлттың игілігі үшін дайындау болды деген.

Баланың өміріндегі әрбір кезең дәстүрлі ғұрыптармен аталып өтілді. Бұл ғұрыптардың басты мақсаты - баланы қоғамдық өмірге енгізу (инициация) және оған жаңа әлеуметтік мәртебе беру арқылы тәрбиелік мазмұнды нығайту. Баланы туғаннан кейін шамамен бір апта өткен соң, кіндігі түсіп, жарасы жазылған кезде оны бесікке салады. Бұл рәсім «Бесікке салу» немесе «Бесікке салар» деп аталады. Оған ауылдың үлкен әйелдері мен абысын-ажындар шақырылады. Шай қайнатып, ет асылады, ал келген әйелдер шашу әкеліп, қуанышқа ортақтасады.

Бесікке салу құрметі жасы үлкен, парасатты, балалы-шағалы бәйбіше әйелге беріледі. Ол бесікті дайындап болған соң, май, құрт, бауырсақ, кәмпит, күміс ақша сияқты шашуларды бесіктің астынан төмен түсіріп, отырған әйелдерге үлестіреді. Бұл шашудан дәм тату - бала сүйгісі келетін жас келіншектер үшін ырым саналады.

Қазақ халқы бесікті қасиетті мұра деп санап, оны ұрпақтан ұрпаққа сақтап қалдырған. Егер бесік кездейсоқ қирап қалмаса, оны сындыруға не отқа жағуға болмайды. Ата-бабалар пайдаланған бесіктерді ырым көріп, ешкімге бермей, ұзақ жылдар бойы сақтайды.

Мысалы, Баянауыл өңіріндегі Қадыр Байжановтың отбасында XIX ғасырдың ортасында жасалған бесік осы күнге дейін сақталып келеді. Бұл бесікте бірнеше ұрпақ өсіп-жетілген, ал қазір оны немерелері пайдаланып жүр. Олар оны ата-бабаларының ескерткіші әрі киелі мұра деп құрметтейді.

Егер жаңа бесікке алғаш бөленген бала шетінеп кетсе, ол бесікті қайта қолданбайды, марқұмның қабіріне бірге қояды. Қазақ бесіктерінің бас жағына күйдірілген темірмен таңба басу да жиі кездеседі - бұл отқа табынудың белгісі. Бесік кейде баланы алғаш бөлеу кезінде немесе сырқаттанғанда қыздырылған шымшуырмен қарылуы да дәстүрге айналған [1, 57-58 б].

Шілдехана - жаңа туған сәбидің өмірге келу құрметіне арналған қазақтың қуанышты дәстүрі. Бұл күні ауыл жастары жиналып, ән шырқап, күй тартып, отбасыға қуаныш тілейді.

Міржақып Дулатов шығармасында: «Сәрсенбай зор қуанышта болып, шілдеханаға қанша қыз-бозбала жиып... баланың есімін Жамал қойып еді» - деп, осы дәстүрдің ел арасындағы шаттыққа толы сипатын суреттейді. Сондай-ақ С. Көбеев: «Аманжол атекем ауылыма шілделікке кеткен» деп, кей жерлерде шілдехананы «шілделік» деп те атайтынын көрсетеді.

Сондай-ақ халқымыз жаңа туған сәбидің жолдасына ерекше мән берген. Оны жуып, таза жерге көмген, өйткені ол ананың амандығы мен баланың өмірімен байланысты деп сенген. Егер жолдасы

дұрыс көмілмесе, ана ауырады деген ырым бар. Кейде әйел ұл туа берсін деген ниетпен жолдасын ананың басынан айналдыру рәсімі жасалған. Бұл дәстүрлердің барлығы - қазақ халқының өмірге, балаға және аналық қасиетке деген құрметін көрсетеді [3, 52 б].

Бала алғашқы қадамдарын жасап, тәй-тәй баса бастағанда, қазақтар «тұсау кесу» дәстүрін өткізеді. Бұл рәсім көбіне шағын түрде, баланың анасы мен абысын-ажындарының қатысуымен өтеді. Олар ауылдағы аяқ-жүрісі жеңіл, шапшаң адамға баланың тұсауын кестіріп, шашу шашып, сый-құрмет көрсетеді.

Тұсау кесу үшін көбіне қойдың тоқ ішегі немесе ала жіп пайдаланылады. Тұсауды тек жүрісі жеңіл, епті адам кесуі керек деп есептеледі. Академик Әлкей Марғұланның айтуынша, кей жерлерде бала жүре бастағанда оны “қанды кемпірдің” (тәжірибелі бәйбішенің) аяғының арасынан өткізетін болған. Бұл баланың жолы ашылып, өмірде бағы мен бақыты қатар болсын деген ырымнан шыққан.

Дәстүрлі түсінік бойынша, тоқ ішекпен тұсау кесу - «бала малды, дастарханы майлы болсын» деген тілек, ал ала жіппен кесу - баланы көз, тіл және түрлі бәле-жаладан қорғау мағынасын білдіреді. Ала жіп қолдану - көне дәуірден келе жатқан магиялық наным-сенімнің көрінісі, яғни баланың өмір жолы таза әрі киелі болсын деген ұғымды бейнелейді [1, 61 б].

Тағы да бір ғұрыптардың бірі - баланы атқа мінгізу дәстүрі. Қазақ халқының көне дәстүрлерінің бірі - баланы 5-6 жасынан бастап атқа мінгізіп үйрету. Бұл - ата-ана үшін үлкен қуаныш әрі баланың ер жету жолындағы алғашқы қадамы болып саналған. Алғаш рет атқа мінгізерде балаға кәдімгі ердің орнына ашамай деп аталатын арнайы жеңіл ер-тоқым пайдаланылады. Ашамайға мінгізу - көне дәстүрдің жалғасы. Академик Әлкей Марғұланның айтуынша, ертеректе ашамай тек балаларға арналған ер болып есептеліп, бұл ғұрып қазақтар мен қырғыздарда ұзақ уақыт сақталған.

Баланы атқа мінгізерде жуас, мінезі жайлы жылқы таңдалып, әуелгіде үлкендер жетектеп ауыл ішінде жүргізеді. Сол күні шашу шашылып, балаға ақ тілектер айтылады. Әкесі немесе жақын туыстары жаттықтырушыға сыйлық беріп, бұл сәтті қуаныш мерекесіне айналдырады.

Бірнеше күн өткен соң бала тізгінді өз қолына алып, өз бетінше жүруге үйренеді. Уақыт өте келе ат үстінде еркін отыруға дағдыланып, 7-8 жасында бәйгеге қатысады, ал 10-11 жасында асау тайларды үйретуге жарайтын деңгейге жетеді [1, 61-62 б].

Ал қазақ қыздары 5-6 жасынан бастап әжесінен, шешесінен және ауылдағы үлгілі әйелдерден тәрбие алады. Олар іс тігу, тамақ пісіру, үй жинау, киіз басу, кесте тігу, сондай-ақ қолөнер бұйымдарын жасау (немесе өрмек тоқу) сияқты тұрмыстық және шығармашылық шеберліктерді меңгереді. Бұдан басқа, қыздар үй шаруасын жүргізу (үй жинау, кір жуу), ас әзірлеумен қатар, күй тарту, айтысқа қатысу сияқты мәдени-рухани әрекеттерге де машықтанады.

Бұл дәстүрлі тәрбие қызды еңбекқор, тапқыр, мәдениетті, адамгершілігі мол тұлға етіп қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, ол қыз-келіншектерге тән әдептілік, сыйластық, инабаттылық және қонақжайлылық сияқты асыл қасиеттерді бойына сіңіреді [1, 62 б].

Қорытындылай келе, қазақ халқында баланы дұрыс тәрбиелеу - тек ата-ананың ғана емес, рулық, елдік, қоғамдық міндет болып есептелген. Ата-ана әрдайым баласының жақсылыққа еліктеп, үлгілі адам болып өсуін қалады, оған бата беріп, сый-құрмет көрсетіп, дәстүрлі ырымдарды сақтаған.

Баланың туып-өсуін тілеп, оның болашағы үшін ел ішінде жақсы атымен аталуына, дұрыс жолда тәрбиеленуіне ерекше мән берілген. Туыс, көрші, қоғамның үлгілі адамдары балаға ең пайдалы әсер, еңбекке, білімге және адамгершілікке тәрбиелеу арқылы үлгі болған. Сол себептен қазақтарда «Ұлын ер жетсе - ұлы қылығымен, қызын бой жетсе - қызы қылығымен ауылдас бол» деген мақал қалыптасқан.

Бұл ұстанымдар баланың тәрбиеге деген назарын, жақсы қасиеттерге бейімділігін, қоғамға пайдалы болуын қамтамасыз етуге бағытталған шынайы және тиімді әдістердің дәлелі болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Арғынбаев, Х.А. Қазақ отбасы (дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары). - Алматы: Қайнар, 2005. - 49-63 б.
2. Әуезов, М. Абай жолы: роман-эпопея. - 1-кітап. - Алматы: Жеті Жарғы, 1997. - 53-55 б.
3. Кенжеахметов, С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. - Алматы: Ана тілі, 1994. - 52 б.
4. Қондыбай, С. Казахская мифология: краткий словарь. - Алматы: Нұрлы әлем, 2005. - 100 с.